



Жаңа Жыл-Жаңа Жыр.

Мақсаты: Жаңа жылды жақсы көңілмен қарсы алу. Балалардың мерекеге дайындаған өнерлерін ортаға салу, тамашалау. Патриоттық сезімге баулу, сөздік қорын дамыту. Дыбыстарын түзету.

1-жүргізуші: Армысыздар, Құрметті ата-ана, қымбатты ұстаздар, құрметті оқушылар!

2-жүргізуші: Жаңа Жыл мерекелеріңіз құтты болсын!

1-жүргізуші: Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,

Жаңа табыс тілейік ісімізге.

Келе жатқан Жаңа Жыл құт әкелсін,

Мына отырған барша жан бәрімізге.

2-жүргізуші: Айнала қоршап шыршаны,

Шашылар шашу жыр-әні.

Мынау әсем шыршаға,

Қош келдіңдер, балалар!-дей отырып Жаңа Жылдық шыршаға келіп отырған балаларды шақырайық(музыка ойнап тұрады, залға балалар кіріп, шыршаны айналып тұрады).

1-жүргізуші: Жаңа Жылдық шырша мерекесіне қош келдіңіздер, балалар!

2-жүргізуші: Төрлетіндер, төрлетіндер,

Шырша сәнін көріңдер.

Әсем әнмен би билеп,

Күй жырларды төгіңдер!

1-жүргізуші: Ендеше, ортамызға әншілерімізді шақырайық.

Ән: 9 «В»сынып «Қыздар тобы».

2-жүргізуші: Мектебіміздің бишілерін шақырайық,

Қошеметпен, құрметпен қарсы алайық.

Бишілерді ыргалтып, би билетіп,

Қол соғып, биік шыңға самғатайық,-деп 9«Г» сыныбының бишілерін ортаға шақырайық.

Би: «Миккимаус».

1-жүргізуші: -Ал, халайық, халайық,

Ескі жылдай аға бар.

Оны ортаға алайық,

Қош айтысып қалайық.

(музыка ойнап, Ескі жыл келеді).

Ескі жыл: Ескі жылың есіркеп,

Жаңа Жылың жарылқап,

Елінде болсын тыныштық.

Бейбіт күнің жарылқап,

Қоштасамын бүгін мен.

Сіздерді қимас көңілмен,

Қош, сау болыңдар!

(қол бұлғап, Ескі жыл кетеді).

2-жүргізуші: Жаңа Жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа орап алды маңайды.

«Жаңа Жылмен құттықтаймын» деген үн,

Қанаттана кең алқапқа тарайды.

1-жүргізуші: Алақай, алақай!

Жыл келді шапқылап,

Қанекей, қарсы алайық жақсылап!

(Жаңа Жыл қой киімін киіп келеді).

2-жүргізуші: Келді міне Жаңа Жыл аппақ болып,

Ән болып, жұмбақ болып, тақпақ болып,

1-жүргізуші: Ауламыздың тұсына қонып жатыр

Аяз болып, мұз болып, қатқақ болып.

Жаңа Жыл(Қой): -Рахмет, балалар!

Мені шын ықыласпен қарсы алғандарыңа рахмет!

2-жүргізуші: Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келеді алыс сапардан

Аяз ата оралып.

1-жүргізуші: Келеді Аяз Атамыз,

Қасында Ақшақары бар.

Қызыққа әбден батамыз,

Қарсы аламыз баршамыз.

2-жүргізуші: Ал енді, құрметті халайық! Бүгінгі кешіміздің қадірлі қонағы әрі сәні Аяз ата мен Ақшақарды қарсы алайық!

Хормен: Аяз Ата, Ақшақар!(3 рет)

(музыка ойнап, Ақшақар, Аяз Ата келеді).

1-жүргізуші: Қош келдің Аяз Ата!

2-жүргізуші: Амансың ба, Ақшақар!

Аяз Ата: -Армысындар ма, ұлдарым,

Армысындар ма, қыздарым,

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем билерің.

Ақшақар: -Армысындар, балалар!

Жаңа Жылдарыңыз құтты болсын!

Жаңа Жыл бірлік пен татулық жылы болсын!

Әр отбасы үшін ырыс пен береке жылы болсын!

1-жүргізуші: Аяз Ата, сіз алыс жолдан шаршап келдіңіз, енді отырып демалыңыз. Біздің сізге арнаған Жаңа Жылдық тартуларымызды қабыл алыңыз.

2-жүргізуші: Балалардың мерекеге дайындаған ән, би, тақпақ, көріністерін қабыл алыңыздар.

1. 1 «А» сынып «Еркетай» биі
2. 7 «Ә» сынып ән «Аспанға қараймын»
3. 8 «Б» сынып «тақпақ»
4. 10 «Б» сынып «ойын»
5. 6 «А» сынып ән «Сен де мен де»
6. 8»В» сынып би
7. 10 «А» сынып ойын
8. 9 «А» сынып ән «Мекенім Қазақстан»
9. 9 «Д» сынып «пародия»
10. 7 «Г» сынып «Өзбек биі»
- 11.10 «А, Б» сынып ән «Звездопад»
12. 9 «Б» сынып ойын «Жаңа Жыл иесі кім?»
13. 6 «А» сынып «Үнді биі».

Аяз Ата: Ой, бәрекелді балаларым. Әсем ән шырқап, би билеп, аталарынды бір қуантып тастадыңдар. Көп-көп рахмет, өркендерін өссін. Енді Ақшақар екеуіміз аттанайық. Баршаңызбен қоштасамыз, сау, саламат болыңдар!

Ақшақар: Сау болындар балалар!

Келесі Жаңа Жылда кездескенше!

1-жүргізуші: Міне, Жаңа 2015 жыл да келді. Ал 2014 жыл біздің тарихымыздың бір бөлшегіне айналды. 2015 жылы да елімізде тыныштық болып, ырыс құтымыз азаймасын!

2-жүргізуші: Жаңа Жыл әрбіріміздің отбасымызға жаңа нұр, жаңа шуак, табыс пен береке қуаныш пен мереке алып келсін. Жаңа Жыл баршамыз үшін берекелі, мерекелі жыл болсын!

Ал, қане балалар! Көңілді би кешін жалғастырайық.

Жүргізуші: Есеналиева Қарлығаш

Рысқұлбекова Дильбара

Кейіпкерлер: Аяз Ата- Амалбекова Баршын

Ақшақар- Скорикова Аня

Жылқы- Қараманова Асия

Қой- Қамбарова Гүлнар